



**2026 жылғы 1 – 10 мамырда Қызылорда қ. өтетін
«2026 ж. Арабай Махамбетов Мемориалы» Қазақстан Республикасының классикалық
шахматтан балалар кубогының 2-ші кезеңі
РЕГЛАМЕНТІ**

1. Мақсаттары мен міндеттері

1.1. Шахматтан Қазақстан Республикасының Балалар кубогы (бұдан әрі – Кубок) мына мақсатта өткізіледі:

- Қазақстан Республикасында шахматты кеңінен тарату;
- Салауатты өмір салтын насихаттау;
- Қызылорда қаласында балалар мен жасөспірімдер шахматын дамыту;
- Жас шахматшылардың спорттық шеберлігін жоғарылату.

2. Өтетін мерзімі және жері

2.1. Өтетін жері: Қызылорда қаласы, «Nursat» теннис орталығы, Есенов көшесі, 2Б.

1.1. Өтетін күні: 2026 жылғы 1 мамырдан (келу күні) бастап 10 мамырға дейін (кету күні).

3. Жарыс өткізуге басшылық ету

3.1. Турнирді өткізу үшін жауапкершілік «Қазақстан Шахмат Федерациясы» РҚБ, Қазақстан Шахмат федерациясының Қызылорда облысы бойынша филиалына, «Қазақстан Шахмат Федерациясы» РҚБ бекіткен төрешілер алқасына жүктеледі.

4. Жарысты өткізу тәртібі және жарысқа қатысушылар

4.1. Кубоктың 2-ші кезеңі шеңберінде үш турнир өткізіледі:

- «А» турнирі – 14 жасқа дейінгілердің жеке турнирі (2012 жылы туған және одан кіші);
- «Б» турнирі – 10 жасқа дейінгілердің жеке турнирі (2016 жылы туған және одан кіші));
- Рапид, жас санаты - 14 жасқа дейінгілер (2012 жылы туған және одан кіші).

4.2. Кубок шеңберінде сондай-ақ командалық есеп те өтеді. Командалар бір облыстан немесе республикалық маңызы бар қаладан әр түрлі жас топтарына жататын 4 адамнан тұрады («А» турнирінен 1 ұл және 1 қыз және «Б» турнирінен 1 ұл және 1 қыз). Ұлды қызға ауыстыруға жол беріледі.

4.3. Турнирлер ФИДЕ ережелері бойынша халықаралық рейтингті есептей отырып, швейцариялық жүйе бойынша 9 турмен өткізіледі.

4.3.1. Жеребе Swiss-Manager бағдарламасы қолданылып өткізіледі.

4.4. 14 жасқа дейінгі ойыншылар турниріне 1 және 2-ші разряды бар шахматшылар жіберіледі.

3, 4-ші разряды бар және разрядсыз шахматшылардың қатысуына қала/облыстың аға жаттықтырушысының қолдауы бойынша рұқсат етілуі мүмкін.

4.4.1. 10 жасқа дейінгі ойыншылар турниріне шахматшылар разрядына қарамастан жіберіледі.

4.4.2. Разряды жоқ қатысушылар «В» турниріне ғана қабылданады.

4.4.3. Кубокқа қатысушылардың ең көп саны – үш жарыста да 350 адам, ертерек өтінім бергендерге артықшылық беріледі.

4.4.4. FIDE рейтингі жоқ шахматшылар үшін жарна – 10 000 теңге.

4.4.5. FIDE рейтингі ≥ 1400 шахматшылар үшін жарна (классика) – 7 000 теңге.

4.4.6. FIDE рейтингі ≥ 1900 шахматшылар үшін жарна (классика) – 5 000 теңге.

4.4.7 Рейтинг 2026 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша есепке алынады.

4.5. Қазақстан шахмат федерациясы дәлелді негіздер болған жағдайда Қазақстан шахмат федерациясының Жаттықтырушылар кеңесінің шешімі бойынша турнир жарнасы енгізілместен қосымша қатысушыларды қабылдау құқығын өзіне қалдырады.

4.6. Қатысушылардың старт тізімін құру бойынша түпкілікті шешімді Қазақстан шахмат федерациясы қабылдайды.

4.7. Уақыт бақылауы – 60 минут, әр жасалған жүріске біріншісінен бастап 30 секунд қосылады.

4.8 Турға 30 минуттан артық кешіккен жағдайда жеңіліс тіркеледі.

5. Кесте

5.1. Турлар кестесі:

| Күні | Уақыты | Іс-шара |
|--------------------------------|----------------------|--|
| 2026 жылғы 1 мамыр | Күн ішінде | Келу күні |
| | 11:00 – 19:00 | Іс-шараға қатысушыларды аккредиттеу |
| | 19:00-20:00 | Техникалық кеңес |
| | 20:00-21:00 | Төрешілер алқасы |
| 2026 жылғы 2 мамыр | 13:00–13:45 | Ресми ашылу рәсімі |
| | 14:00–18:00 | 1-ші тур |
| 2026 жылғы 3 мамыр | 10:00–14:00 | 2-ші тур |
| | 16:00–20:00 | 3-ші тур |
| 2026 жылғы 4 мамыр | 10:00–14:00 | 4-ші тур |
| 2026 жылғы 5 мамыр | 10:00–14:00 | 5-ші тур |
| | 16:00–20:00 | 6-шы тур |
| 2026 жылғы 6 мамыр | 10:00–14:00 | 7-ші тур |
| 2026 жылғы 7 мамыр | 10:00–14:00 | 8-ші тур |
| 2026 жылғы 8 мамыр | 10:00–14:00 | 9-шы тур |
| | 16:00 | Ресми жабылу рәсімі |
| 2026 жылғы 9 мамыр | 10:00-15:00 | Рапид (7 тур, уақыт бақылауы 10+5) |
| | 16:00 | Ресми жабылу рәсімі |
| 2026 жылғы 10 мамыр | Күн ішінде | Кету күні |

*Кестені Қазақстан шахмат федерациясының Ұйымдастыру комитеті түзетуі мүмкін.

6. Жеңімпаздарды анықтау және марапаттау

6.1. Жарыс жеңімпаздары барлық партияларда жиналған ұпайлардың ең үлкен қосындысы бойынша анықталады. Ұпай саны тең болған жағдайда келесі қосымша көрсеткіштер қолданылады (басымдықтың төмендеуі тәртібімен):

а) Қысқартылған Бухгольц коэффициенті (ең төмен нәтижесіз);

б) Бухгольц коэффициенті;

в) Жеңістердің ең көп саны;

г) Жеке кездесу (егер осы ұпайлық топтағы бөліске барлық қатысушылар өзара ойнаған болса).

6.1.1. Командалық есепте жеңімпаздар бір команданың мүшелері жинаған ұпайлардың ең үлкен қосындысы бойынша анықталады. Ұпай саны тең болған жағдайда жеңімпаз «А» турнирінде жоғарырақ орын алған команданың мүшесі бойынша анықталады.

6.2. Классикалық шахматтан Кубоктың 2-кезеңінің жүлде қоры – 3 000 000 (үш миллион) теңге.

6.3. Жүлде қоры келесі жолмен бөлінеді:

Негізгі жүлделер (1 650 000 теңге):

| Нәтиже | Санат | Сома (теңге) |
|---------------|------------------------------|---------------------|
| 1-ші орын | 14 жасқа дейінгі ұлдар | 250 000 |
| 2-ші орын | 14 жасқа дейінгі ұлдар | 150 000 |
| 3-ші орын | 14 жасқа дейінгі ұлдар | 100 000 |
| Нәтиже | Санат | Сома (теңге) |
| 1-ші орын | 14 жасқа дейінгі қыздар | 250 000 |
| 2-ші орын | 14 жасқа дейінгі қыздар | 150 000 |
| 3-ші орын | 14 жасқа дейінгі қыздар | 100 000 |
| Нәтиже | Санат | Сома (теңге) |
| 1-ші орын | 10 жасқа дейінгі ер балалар | 150 000 |
| 2-ші орын | 10 жасқа дейінгі ер балалар | 100 000 |
| 3-ші орын | 10 жасқа дейінгі ер балалар | 75 000 |
| Нәтиже | Санат | Сома (теңге) |
| 1-ші орын | 10 жасқа дейінгі қыз балалар | 150 000 |
| 2-ші орын | 10 жасқа дейінгі қыз балалар | 100 000 |
| 3-ші орын | 10 жасқа дейінгі қыз балалар | 75 000 |

Қосымша жүлделер (1 350 000 теңге):

| Нәтиже | Санат | Сома (теңге) |
|---------------|------------------------------|---------------------|
| 1-ші орын | 12 жасқа дейінгі ер балалар | 125 000 |
| 2-ші орын | 12 жасқа дейінгі ер балалар | 75 000 |
| 3-ші орын | 12 жасқа дейінгі ер балалар | 50 000 |
| Нәтиже | Санат | Сома (теңге) |
| 1-ші орын | 12 жасқа дейінгі қыз балалар | 125 000 |

| | | |
|---------------|------------------------------|---------------------|
| 2-ші орын | 12 жасқа дейінгі қыз балалар | 75 000 |
| 3-ші орын | 12 жасқа дейінгі қыз балалар | 50 000 |
| Нәтиже | Санат | Сома (теңге) |
| 1-ші орын | 8 жасқа дейінгі ер балалар | 125 000 |
| 2-ші орын | 8 жасқа дейінгі ер балалар | 75 000 |
| 3-ші орын | 8 жасқа дейінгі ер балалар | 50 000 |
| Нәтиже | Санат | Сома (теңге) |
| 1-ші орын | 8 жасқа дейінгі қыз балалар | 125 000 |
| 2-ші орын | 8 жасқа дейінгі қыз балалар | 75 000 |
| 3-ші орын | 8 жасқа дейінгі қыз балалар | 50 000 |

Командалық есептегі жүлде қоры:

| Нәтиже | Санат | Сома (теңге) |
|---------------|-----------------|---------------------|
| 1-ші орын | Командалық есеп | 200 000 |
| 2-ші орын | Командалық есеп | 100 000 |
| 3-ші орын | Командалық есеп | 50 000 |

6.4. Барлық ақшалай жүлдеден Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес салық ұсталады.

6.5. Жүлделер мен кубоктар бөлінбейді.

6.6. Жүлделі үштікке енген спортшылар турнирдің медальдарымен және дипломдарымен марапатталады.

6.7. Бірнеше номинацияда орын алған спортшы бір ғана ең үлкен жүлдені алады. Егер жүлделердің құны бірдей болса, онда негізгі турнирдің жүлдесіне басымдық беріледі.

6.8. Жүлде ақшасы турнир аяқталғаннан кейін 30 күнтізбелік күннің ішінде төленеді.

6.9. Команда капитандарын марапаттау және төлем жасау – қатысушылардың келісімі бойынша.

7. Жарыс өткізу шығыны

7.1. Қазақстан шахмат федерациясы жарыс өткізу бойынша мынадай шығынды көтереді:

- 3 000 000 теңге мөлшеріндегі жүлде қорын қамтамасыз ету;

- Төрешілер алқасының жұмысына ақы төлеу;

- Шақырылған төрешілер алқасы мүшелерінің тұруы және тамақтануы.

7.2. Қазақстан шахмат федерациясының Қызылорда облысы бойынша филиалы мынадай шығынды көтереді:

- Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Ресей Федерациясынан шақырылған спортшылардың тамақтануы мен тұруы;

- Қосарланған турлар күндерінде төрешілер алқасының барлық мүшелерінің тамақтануы;

- Жабдықты тасымалдау;

- Ұйымдастыру шығындары;

- Жарнамалық және полиграфиялық өнімдер;

- Мобилограф қызметтері;
- Кубоктар мен медальдар;
- Волонтерлер;
- Жарыс өткізу кезеңінде күзет және тазалық қызметтері.

7.3. Қатысушылардың жол жүру, тұру және тамақтану шығынын сапарға жіберуші ұйымдар көтереді.

7.4. «Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» ММ:

- Жарысты өткізуге арналған орынжай;
- Подиумы бар сахна, үстелдер мен орындықтар;
- Жарыс кезеңіне медициналық персонал;
- Өрт сөндіру, полиция және жедел жәрдем қызметтерінің сүйемелдеуі;
- Шеру өткізу үшін облыс атаулары жазылған транспаранттар;
- Жүргізушілердің қатысуымен және мерекелік бағдарламамен турнирдің салтанатты ашылуын/жабылуын ұйымдастыру;
- Жарыс кезеңінің бүкіл уақытына микрофоны бар музыкалық жабдық;
- БАҚ.

8. Өтінім қабылдау және қосымша ақпарат

8.1. Өтінімдер Қазақстан шахмат федерациясының <https://kazchess.kz> сайтында «Турнирлерге тіркелу» бөлімінде қабылданады.

8.2. Ұйымдастыру комитеті өтінімдерді белгіленген мерзімнен кейін берген қатысушылардың өтінімін қабыл алмау құқығын өзінде сақтап қалады.

8.3. Турнирге қатысудан бас тартылған жағдайда жарна қайтарылмайды;

8.4. Кубок Регламентінде көрсетілген Кубокқа қатысушылар санына (350 адам) жеткен жағдайда Ұйымдастыру комитеті өтінім қабылдауды белгіленген күнге дейін (2026 жылғы 29 сәуір) тоқтату құқығын сақтап қалады;

8.5. Тіркеудің растауы қатысушының chess-result.com сайтындағы старттық тізімге енгізілуі болып табылады.

8.6. Аккредиттеу: аккредиттеуге келу міндетті! Келмеген жағдайда ұйымдастырушылардың қатысушыны 1-ші турдың жеребесіне қоспауға құқығы бар.

8.7. Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Тәжікстан, Әзірбайжан және Ресей Федерациясының Федерацияларының командаларына жазбаша түрде жолдаған ресми өтініші бойынша турнир өтетін кезеңге жатын орын және тамақтану қамтамасыз етіледі.

9. Апелляция

9.1. Техникалық кеңесте даулы мәселелерді шешу үшін Апелляциялық комитет (АК) сайланады (тағайындалады), оның құрамы: төраға, АК екі негізгі мүшесі + АК 2 қосалқы мүшесі.

9.2. Ойыншы тур аяқталғаннан кейін бір сағаттың ішінде 50 000 (елу мың) теңге мөлшерінде ақшалай кепіл салып АК-ға жазбаша түрде апелляция беру арқылы төрешілер алқасының кез келген шешіміне наразылық білдіре алады.

9.3. АК шешімі түпкілікті болып табылады.

9.4. Апелляция қанағаттандырылған жағдайда ақшалай кепіл толық мөлшерде қайтарылады.

9.5. Егер АК апелляцияны заңды негізі жоқ деп таныса, ақшалай кепіл қайтарылмайды.

10. Қатысушылардың, жаттықтырушылардың, алып жүретін адамдардың құқықтары мен міндеттері

10.1. Қатысушылар ФИДЕ қағидаларына және осы Регламентке сәйкес ойнауға міндеттенеді.

10.2. Партияны жазу барлық қатысушылар, соның ішінде 2020 жылы туған және одан кіші (6 жастағы және жасы одан кіші) қатысушылар үшін міндетті. Қатысушылардың осы тармаққа сәйкестігі үшін жауапкершілік сапарға жіберуші тұлғаларға/ұйымдарға жүктеледі;

10.3. Партияның жазбасын жасамай жатқан қатысушы төрешінің екі ескертуінен кейін жеңілді деп есептеледі. Егер бұл жағдай қайталанса, келесі партияды қатысушы жарыстан шығарылады.

10.4. Қатысушылар, жаттықтырушылар, алып жүретін адамдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері мен әдептілік қағидаларын сақтауға міндеттенеді.

10.5. Ойын тәртібін жүйелі түрде бұзған, қасақана жанжалды жағдай туғызған және басқа да бұзушылық жасаған жағдайда қатысушы жарыстан шығарылады. Жаттықтырушылар мен алып жүретін адамдар тарапынан осындай бұзушылық болған жағдайда тәртіп бұзушылар Кубокта болу құқығынан айырылады.

10.6. Кубокқа қатысушылардың:

- Апелляциялық комитетке жүгінуге;

- Турнир залында алғашқы медициналық көмек алуға құқығы бар.

10.7. Қатысушыларда ФИДЕ ID болмаған жағдайда ол жарыстан кейін автоматты түрде беріледі.

10.8. ҚР АҚ 145-бабына, сондай-ақ «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» ҚР Заңының 14-бабының 1-тармағына сәйкес Турнирге қатысушы ҚШФ-ға:

- ұйымдастырушының және/немесе ҚШФ атынан және/немесе оның мүддесіне әрекет ететін үшінші тұлғалардың қатысушының бейнесін түсіруге (фотосурет және/немесе бейнеролик), қатысушының Турнирге қатысу барысының бейнетүсірілімін және фототүсірілімін жасауға;

- қатысушының атын пайдалануға;

- қатысушының бейнесін жариялауға, жаңғыртуға және таратуға;

- Турнирдің нәтижесінде алынған, қатысушы бейнеленген дыбыс, бейне және фотоматериалдарды пайдалану мерзімі мен аумағын шектеместен кез келген тәсілмен және кез келген құралдармен пайдалануға, соның ішінде аталған материалдарды редакциялауға және үшінші тұлғаларға табыстауға келісімін береді.

10.9. Қатысушы осы келісімді өтеусіз негізде белгісіз мерзімге береді және оның одан әрі Қазақстан шахмат федерациясынан қандай да бір өтемақы талап етуге құқығы жоқ.

11. Античитерлік шаралар

11.1. Жарыста Античитерлік комиссия жұмыс істейді. Біреудің көмегін пайдаланатын қатысушы (читер) Античитерлік комиссияның шешімімен турнирден шығарылуы мүмкін. Античитерлік комиссияның шешімі түпкілікті болып табылады.

11.2. Адал ойын қағидаларын бұзғаны ашылған ойыншыны Қазақстан шахмат федерациясы өткізетін турнирлерден одан әрі шығарып тастау туралы мәселе Қазақстан шахмат федерациясының Этика комиссиясының қарауына шығарылады.

12. Байланыс телефондары:

| | |
|----------------------------------|--|
| Турнир директоры | Махамбетов Асқар Аралбайұлы |
| Бас төреші | Ғабдушев Арман Амангельдіұлы +77712763065 |
| ҚШФ жауапты үйлестірушісі | Әділ Қайратұлы +77780803108 |
| Турнир хатшысы | Метелено Евгений +77718564853 |

Осы регламент жарысқа ресми шақыру болып табылады.